

«Қазақ халық аспаптары - Домбыра» ПЦК – ның ЕСЕБІ .
2021-2022 оқу жылы, 2 – жарты жылдық . ПЦКТ - Алдекенова М.Т.

2021 – 2022 оқу жылының 2 – жарты жылдығында бөлімнің барлық оқу – тәрбие жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Оқытушыларымыз әр түрлі конкурстарға, республика көлемінде өтіп жатқан іс-шараларға қатысты. ПЦК – ның проблемалық ізденіс тақырыбы : «Училищенің оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқыту саласын арттыру». Пәндік – циклдік комиссияның міндеті – «Музыкалық білім беру саласында жүйелі түрде оқыту бағдарламасы бойынша оқушылардың творчестволық белсенділіктерін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай инновациялық технологияны қолдана отырып, оқушылардың жалпы орындаушылық қабілетін дамыту - жетілдіру, өз мамандығының жақсы маманы болып шығуын арттыру, оқу жүйесін одан ары жақсарту». Алғашқы оқуға түскен оқушыларды оқуларын бітіргенше сақтап қалуға тырысу, оқушылар санын түсірмеу, бөлімнің оқу үлгерімін одан ары жақсарту, алдыңғы қатарда болу.

ПЦК қызметкерлерінің құрылымы

«Қазақ халық аспаптары – Домбыра» пәндік – циклдік комиссиясында – 12 оқытушы . Олардың ішінде : 9 – оқытушы негізгі штатта, 3 – оқытушы қосымша сағаттарға жұмыс істейді. Барлық оқытушылардың базалық жоғары білімі бар. 6 – оқытушы жоғары санатты, 2 – оқытушы бірінші санатты, 1-оқытушы екінші санатты, 3 – оқытушының санаты жоқ. Барлық оқытушылар қазіргі заман талабына сай компьютерлік технологияны меңгерген, талапқа сай жұмыс атқарады.

Ұйымдастыру жұмыстары

Оқу жылының басында 2 – жарты жылдыққа арналған сабақ кестелері, училище іші - аралық тәжірибе алмасу, сабақтарға қатысу кестесі, календарлық – күнтізбелік жоспар, оқытушының жеке жұмыс жоспары, әр пәнге жеке жұмыс жоспары, жалпы барлық пәндер бойынша кредиттік модульді оқу- жұмыс жоспарлары, ашық сабақтар, әдістемелік баяндамалар және пәндік – циклдік комиссияның жылдық жұмыс жоспарлары бекітілді, жалпы ПЦК – ның міндеттері қаралды. 2021 – 2022 оқу жылының 2 – жарты жылдығында 6 – отырыс өтті, олардың барлығы да хаттамалармен жазылды.

Жалпы оқушылар саны

2021-2022 оқу жылының 2 – жарты жылдығының басында (26.01.2022 ж. уақытқа дейін) бюджеттік негізде 36 оқушы , 2 - ж.ж. соңында (20.06.2022ж.) осы оқушылар саны сақталды. Оқушылар саны - 36. Осылардың ішінде 2 курс оқушысы Айтқан Риза академиялық демалыста.(Бұйрық №22 05.08.2021ж.) Жалпы оқып жүрген оқушылар саны -35.

Оқушылардың оқу үлгерімі

Мемлекеттік емтихандар қорытындысы

Мемлекеттік емтихандарды 12 оқушы тапсырды. Олардың ішінде: 9 оқушы «домбыра – тенор», 1 оқушы «домбыра-прима», 2 оқушы «домбыра-прима, шертер» мамандықтары бойынша тапсырды.

«Концерттік бағдарламаны жеке орындау» Мамандық пәні бойынша 12 оқушы тапсырды. Жалпы түлектердің дайындық деңгейлерін жақсы деп айтуға болады. Түлектердің барлығы да өздеріне берілген бағдарламаны толық меңгеріп, жеткізе алды, жақсы ойындарын көрсетті. Домбыра аспабын меңгерген түлектер: Болатова А, Даргер Б, Абдилова Д. аспапта ойнау шеберліктері, аспапты жақсы меңгерулерімен өздерін көрсете білді, әсіресе Серікханова А. түлектердің арасында ерекшеленіп тұрды, классикалық шығармалар, оның ішінде Н.Паганинидің № 24-ші шығармасын, төкпе және шертпе күйлерін өте жоғары шеберлікпен ойнады. Осы оқушы туралы комиссия Төрағасы ерекше атап, айтып өтті. Осы аталған түлектерді бағалау барысында, осы оқушылардың оқыған оқу жылдарындағы жиынтық қорытынды бағалары жоғары екені көрініп тұрды. Домбырашылардың репертуарлары алуан түрлі, өңірлерге қарай күйшілік мектептердің туындыларын жеткізе алды. «Мамандық» пәні бойынша емтихан қорытындысы: 8 оқушы 5 (өте жақсы), 4 оқушы 4 (жақсы) деген бағаға тапсырды. Жалпы үлгерімдері- 100% ; Сапалық үлгерімдері – 100 % . Орта балл – 4,6 .

«Ансамбльдік орындаушылық» пәні бойынша 12 оқушы тапсырды. Ансамбльдің орындауындағы шығармалардың барлығы жақсы ойналып, жағымды, әсерлі орындалды. Дегенменде арасында өздерінің дайындаған шығармаларын көрсете алмаған түлектер де болды. Ансамбль алуан түрлі трио, квартет, квинтет және фольклорлық ансамбль құрып, үйлесімдері, әр аспаптың үндестігі жақсы естіліп, ойындарын жеткізе білді. Ансамбль жетекшісінің еңбегі байқалып тұр, көп орындала бермейтін, естілмеген шығармаларды жақсы өңдеп, ансамбльге түсірген, репертуарлар дұрыс таңдалып алынған. Сонымен қатар домбырашы түлектердің әр түрлі аспапты меңгергені көрініп тұр, оның ішінде бас домбыра, жетіген, саз сырнай, шаң қобыз, даңғыра және көптеген үрлемелі – соқпалы аспаптарды жете меңгерген. Ансамбль репертуарында сирек кездесетін, ұлттық нақышта жазылған композиторлардың шығармалары да ойналды.

«Ансамбльдік орындаушылық» пәнінен емтихан қорытындысы: 8 оқушы 5 (өте жақсы), 3 оқушы 4 (жақсы), 1 оқушы 3 (қанағат-қ) деген бағаға тапсырды. Ансамбль пәні жетекшісі – Тұрлыбекова Ш.Б

Жалпы үлгерімдері - 100% ; Сапалық үлгерімдері – 91,6 % . Орта балл – 4,5.

«Аспапта оқыту әдістемесі» пәні бойынша 12 оқушы тапсырды. Оқушылар билеттегі сұрақтарға жауаптарын, ойларын дәл нақты жеткізе білді, өздерінің алған білімдерін көрсете алды. Берілген уақытқа сай сұрақтарға толық жауап берді, оқушылардың барлығы да жақсы дайындалған. «Аспапта оқыту әдістемесі»

пәні бойынша: 10 оқушы 5(өте жақсы) деген бағаға, 2 оқушы 4 (жақсы) деген бағаға тапсырды. Жалпы үлгерімдері - 100%. Сапалық үлгерімдері – 100 % . Орта балл – 4,8 .

«Дирижерлеу және оркестрмен жұмыс жасау» пәні бойынша 9 оқушы тапсырды. Мемлекеттік емтихан тапсырушылардың барлығы да жақсы дайындықтарын көрсетті. Бұл пәннің басты мақсаты оқушының дирижерлеуі, оркестрмен жұмыс жасай білуі, дұрыс тұру дағдысы, сахна мәдениеті, қол қойылымдарының дұрыс болуында. Осындай негізгі керекті қағидалардың барлығын көптеген оқушылар өз дәрежесінде көрсете алды. Түлектер дирижерлеу пәніне өте жақсы дайындалған. Әсіресе Даргер Б., Серікханова А. (оқытушылары - Алдекенова М.Т.), айрықша ерекшеленіп тұрды және Баркен Д. (оқытушысы - Каримова Г.Ч.), алдағы уақытта осы оқушылар ары қарай оқуларын жоғары оқу орындарында жалғастыру керектігі айтылды. «Дирижерлеу және оркестрмен жұмыс жасау» пәні бойынша: 8 оқушы 5 (өте жақсы), 1 оқушы 4 (жақсы) деген бағаға тапсырды. Оркестр жетекшісі және дирижері – Серіков Ә.С. Жалпы үлгерімдері - 100%, Сапалық үлгерімдері – 100 %, Орта балл – 4,9.

Мемлекеттік емтихан тапсырып, төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

Атауы	Тапсырғандар саны	Пән	Бағалар			Орташа балл	Үлгерім %		Үздік диплом саны
			«5»	«4»	«3»		Жалпы үлг.	Білім сапасы	
0404033		Бағдар. жеке орындау	8	4		4,7	100	97,9	5
ҚХА (домбыра)		Ансамб. орындаушылық	8	3	1				
		Әдістеме	10	2					
		Дирижерлеу	8	1					

Қорытынды: Мемлекеттік емтихандар қорытындысы бойынша оқу бітіруші түлектер: Болатова А., Даргер Б., Серікханова А., Абдилова Д., Баркен Д. Заманбеков Б. оқуларын ары қарай жоғары оқу орындарында жалғастыруларына комиссия мүшелері кеңес берді.

Жалпы үлгерімдері – 100% , Сапалық үлгерімдері – 97,9 % , Орта балл – 4,7.

Оқу бітірушілердің ішінде 5 оқушы – Серікханова А. (оқытушысы - Алдекенова М.Т.), Абылбаева А. (оқытушысы – Малаев С.Р.), Болатова А. (оқытушысы - Қусаинова М.К.), Азанғалиева А., Баркен Д. (оқытушылары – Каримова Г.Ч.) «үздік» дипломмен оқуларын аяқтады.

Оқушылардың оқу үлгерімдері, сабаққа қатысулары, жалпы курс бойынша оқушылар саны туралы ақпарат

Оқу – әдістемелік жұмысы

ПЦК – ның оқу – әдістемелік жұмысы жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіліп отырды. Оқу жылының басында бекітілген кесте бойынша мамандық пәндері бойынша академиялық концерт, техникалық сынақ, ансамбль класы, оркестрмен жұмыс жасау және оқу бітірушілердің мемлекеттік емтихан тапсыратын пәндер бойынша тыңдау уақытында өткізіліп отырды. Кесте бойынша барлық көрсетілген пәндер бойынша барлық оқушылар жазғы сынақ- емтихандар тапсырды.

2 - жарты жылдықта 1- ашық сабақ, 1 – әдістемелік баяндама тыңдалды.

Ашық сабақ облыс көлемінде Инстаграмм желісі арқылы тікелей эфирде өтті, ашық сабақты оқытушы Тұрлыбекова Ш.Б. өткізді. Өткізілген уақыты 11.03. 2022 ж. Тақырыбы : «А. Цыганковтың шығармаларымен жұмыс жасау» . Оқушылар : Мұратқазин У. 3 курс, Заманбеков Б. 4курс. Концертмейстерлер: Мансурова Ф.К., Окунева М.И. Ашық сабақ алдымен композитордың өмірі мен шығармашылығынан басталып айтылды, интерактивті тақтада ашық сабаққа керек материалдар көрсетіліп тұрды, оқытушы екі оқушыменде жақсы жұмыс жасап,еркін өткізді, домбыра – прима, шертер аспаптарында әсіресе техникалық шығармалардың қалай ойналу керек екендігін түсіндіріп,оқытушы өзі де қоса ойнап беріп отырды.Сабақ барысында негізі тақырыптар мен бөлімдермен жұмыс жасалды. Шығармада кездесетін музыкалық терминдер, динамикалық белгілер туралы да оқытушы айта отырды және аппликатура жайлы да көрсетіп, концертмейстермен қосылып ойнап, шығарманың өлшеміне қарай санап ойнатып үйретті. Жалпы ашық сабақ өз дәрежесінде өте жақсы өтті. Бөлім ұстаздары ашық сабақ соңында оқытушыға өздерінің ізгі тілектерімен, жақсы пікірлерін білдірді.

Әдістемелік баяндаманы оқытушы Бекбосынова М.Ж. дайындады. Тақырыбы : «Дина күйлерінің ойналу ерекшеліктері». Өткізілген уақыты: 26.15.2022 ж. Әдістемелік баяндамада оқытушы Дина Нұрпейісованың өмір сүрген жылдарынан бастап,барлығын толықтай ашып жазған.Сонымен қатар Дина күйлерінің ойналу ерекшеліктеріне тоқтала кетіп, көптеген мысалдар келтіріп, ойнап та көрсетіп отырды, ноталық мысалдары әдістемелік баяндамада көрсетіліп, бекітілген.Сонымен қатар Дина Құрманғазының тікелей төл шәкірті болғандықтан ұстазының күйлерімен қатар, өз жанынан шығарған күйлерінің басым көпшілігі Батыс күйшілік мектебіне сай күрделі болып келеді,орындаушыға асқан шеберлікті қажет етеді.Оқытушы баяндамада Дина Нұрпейісова өмір сүрген жылдары кездескен ауыр жылдардағы келеңсіздіктер тутуралы жазған, күй тақырыптарының бір талайы осы оқиғаларға байланысты шыққанында түсіндіре кеткен. Жалпы Дина күйлері музыкалық жағынан өте әуенге бай, күрделі, көлемі үлкен бірнеше буындардан, тақырыптардан тұратын күйлер.Дина апамыз домбыра тартудың өзіндік жолын салып және домбыра шеберлігіне – ерекше, өзгеше өзіндік аппликатура қалдырып кетті. Дина Нұрпейісованың өзінің ойнаған кейбір күйлері және ұстазы Құрманғазының күйлерін ойнаған жазбалары пластинкаға жазылып, қазақтың музыкалық қорына енді. Бұл туралы зерттеушілер мен ғалымдар өз еңбектерінде жаза кеткен. Оқытушы жалпы баяндамада барлығын қамтып жазған ,сонымен қатар күйшілік мектептер туралы, бізге жеткізушілер,орындаушылар туралы жеткізе білген.

Бұл баяндаманы тыңдай отырып, бөлім ұстаздары өз ойларымен де бөлісе отырды, пікірлерлерін, ойларын ортаға салды. Жалпы баяндама жақсы жазылған, күнделікті сабақ барысында, оқу жүйесінде пайдалануға болады.

Бөлім ұстаздарының жетістіктері

21-23.02. күндері 52- Қалалық «Жас музыкант» байқауында оқытушы Алдекенова М.Т. қазылар алқасының Төрағасы, оқытушылар Каримова К.Ч., Ахметова Ж.С. қазылар алқасының мүшесі болды және Алғыс хаттармен марапатталды.

04-05.03 күндері оқытушы Алдекенова М.Т. 52- Облыстық «Жас музыкант» байқауында қазылар алқасының мүшесі болды.

16.03. күні М.Әуезов атындағы Педагогикалық колледжде өткен Вернисаж «New generation» атты іс-шараға қатысушы дайындағаны үшін оқытушы Алдекенова М.Т. Алғыс хатпен марапатталды.

23.03. күні Алматы қаласында өткен «SEZIMDERDI OIATU» атты Халықаралық конкурста лауреат дайындағаны және Педагогикалық шеберлігі үшін оқытушы Алдекенова М.Т. Дипломмен марапатталды.

18-20.04. аралығында Алматы қаласында өткен XIV – Республикалық Кіші Олимпиадаға лауреат дайындағаны үшін оқытушылар - Алдекенова М.Т., Самықов А.С. Алғыс хаттармен марапатталды.

29.04. Өскемен қаласында өткен «Күй шашу» студенттік жастардың облыстық фестиваліне қатысушы дайындағандары үшін оқытушылар : Алдекенова М.Т., Малаев С.Р., Салиева К.С., Тұрлыбекова Ш.Б., Серіков Ә.С. Алғыс хаттармен марапатталды.

Концерттік және шығармашылық бөлімі

Оқушыларымыз Халықаралық , Республикалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтқанда:

16.03. күні М.Әуезов атындағы Педагогикалық колледжде өткен Вернисаж «New generation» атты іс-шараға қатысқандары үшін Даргер Б. (оқытушысы – Алдекенова М.Т.) , Хапан Е. (оқытушысы – Малаев С.Р.) , Мұратқазин У. (оқытушысы – Тұрлыбекова Ш.Б.) Алғыс хаттарға ие болды.

23.03. күні Алматы қаласында өткен «SEZIMDERDI OIATU» атты Халықаралық конкурста 3 курс оқушысы Самат Айым II – орынға ие болып, лауреат атанды. (Оқытушысы – Алдекенова М.Т.).

24-25.03. күндері аралығында Алматы қаласында өткен IV – Республикалық «Жас екпін» жас өнерпаздар конкурсында 3 курс оқушылары : Хапан Е. (оқытушысы – Малаев С.Р.) , Мұратқазин У. (оқытушысы – Тұрлыбекова Ш.Б.) , 3 - орындарды иеленіп «лауреат» атанды, 4 курс оқушысы Даргер Б. (оқытушысы – Алдекенова М.Т.) «дипломант» атағына ие болды.

18-20.04. аралығында Алматы қаласында өткен XIV – Республикалық Кіші Олимпиадаға 4 курс оқушылары : Серікханова А. (оқытушысы - Алдекенова

М.Т.), Абдилова Д. (оқытушысы - Самықов А.С.) III – орындарға ие болып «лауреат» атанды және Дипломдармен марапатталды.

29.04. Өскемен қаласында өткен «Күй шашу» студенттік жастардың облыстық фестиваліне бөліміміздің домбырашылар ансамблі, фольклорлық ансамбль және жеке орындауда оқушыларымыз қатысты. Осы фестивальде Даргер Б. (оқытушысы-Алдекенова М.Т.), Хапан Е. (оқытушысы- Малаев С.Р.), Мұратқазин У. (оқытушысы – Тұрлыбекова Ш.Б.), Арқашов Ж. (оқытушысы – Салиева К.С.) қатысқандары Алғыс хаттармен марапатталды.

Оқу жылының 2- жарты жылдығында оқушыларымыз көптеген концерттерге, училище, қала ішінде өтіп жатқан мәдени іс – шараларға жеке орындауда, күй тартыс, домбырашылар ансамблі, фольклорлық ансамбль және оркестр құрамдарында өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар Абай атындағы музыка – драма театрында, Абай атындағы мұражайда, Абай атындағы кітапханада, Қалалық мәдениет сарайында, М.О.Әуезовтың 125жылдық мерейтойы, Ұлағатты ұстаз, дирижер - С. Малаевтың 70 жасқа толуына орай өткен шығармашылық кеші, «Домбыра» класының алғашқы негізін қалаушы - Құрманғали Рахимовтың туғанына 95 жыл толуына орай өткен «Қазақ халық аспаптары - Домбыра» бөлімінің есептік концерті және т.б. көптеген өнер ошақтарында өткен концерттерге қатысты. Оқытушы Әділет Серіковтың жетекшілігімен көптеген іс-шараларда оқушыларымыз өз үлестерін қосып, училищеіміздің мәртебесін көтеріп келді.

Тәрбие жұмысы

Оқу жылының 2 – жарты жылдығында барлық курс оқушыларымен тәрбие жұмыстары өткізіліп, тақырыптық класс сағаттары өтті. 16.02. күні «Салауатты өмір» атты тақырыпта 1-2 курс класс жетекшісі – Абишева Ж.К. класс сағатын өткізді. 18.03. күні 3-4 курс класс жетекшісі – Талапхан Е.Ж. «Зиянды әдеттен аулақ бол» атты тақырыпта класс сағатын өткізіп, анкета сұрақтарымен бірге сұрақ-жауап алынып, оқушылармен пікір алысты.

Бөлімде тәртіптері тым нашар оқушылар жоқ, арасында сабақты босататын оқушылардың ата – аналары шақыртылып, тәрбие жұмыстары жүргізіліп келді. Сонымен қатар өз еріктерімен балаларының оқу үлгерімін, жағдайын біліп, хабарласып келіп тұратын ата – аналарда бар. Сонымен қатар әр курсқа бөлек алдын – ала бекітілген кестеге сәйкес ата-аналар жиналысы өткізілді.

«ҚХА-Домбыра» ПЦК-ның төрайымы - М.Т. Алдекенова